«ЖАЛПЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

***ТАҚЫРЫБЫ*** САЛАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ДАЯРЛАП ЖАСАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

**ОРЫНДАҒАН : КУАНЫШЕВА Д. МАЖАЕВ А.**

**ТОП :203 ФАРМАЦИЯ**

28.01.2013

# *СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР*

- стандарттау жөніндегі қызметтің әр түріне немесе оның нәтижелеріне қатысты нормаларды, ережелерді, сипаттамаларды, принциптерді белгілейтін құжаттар

## *НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР*

- *Қауіпсіздік талаптарын, ережелерді, жалпы қағидаларды, қызметтің жекелеген түрлеріне қатысты сипаттамаларды қамтитын құжаттар*.

# *СТАНДАРТТАУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР*

- *Мұнда адам өмірі мен денсаулығы үшін өнімнің, үрдістің және қызметтің қауіпсіздігіне мемлекеттің міндетті талаптары көрсетілген*.

# АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

- -өнеркәсіптік және өндірістік қауіпсіздік;
- -ғимараттарды, құрылыстарды және олардың территорияларына жататын нысандарды пайдаланудағы қауіпсіздік;
- -өрт қауіпсіздігі;
- -биологиялық қауіпсіздік;
- - электромагнитті сыйымдылық;
- - экологиялық қауіпсіздік;
- - ядролық және радиациялық қауіпсіздік;
- - химиялық қауіпсіздік;
- - электрлік қауіпсіздік;
- - ақпараттық қауіпсіздік;
- - өлшемдердің бірыңғайлығы;
- - азық-түлік тағамдарының қауіпсіздігі;
- - балалар тағамының қауіпсіздігі;

# ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СТАНДАРТ

Терминдердің анықтамасы мен оларды қолдану мысалдарын қамтитын нормативтік құжат.

# ҚОЛДАНУ ӨРІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ӘР ТҮРЛІ САНАТТАРҒА БӨЛІНЕДІ:

1) халықаралық стандарттар;

2) өңірлік стандарттар және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;

4) ұйымдар стандарттары;

5) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ұсынымдары;
6) шет мемлекеттердің ұлттық стандарттары, ұйымдар стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары мен ұсынымдары

# СТАНДАРТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫН 47 056 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ҚҰРАЙДЫ

- мемлекеттік нормативтік құжаттар - 1332,
- техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеушілері (ҚР МЖ) - 12,
- республикада есепке алу тіркеуінен өткен шетелдік нормативтік құжаттар - 1457,
- техникалық шарттар (ТШ) - 4900,
- мемлекетаралық стандарттар (ГОСТ) - 20862,
- Ресей Федерациясы мемлекеттік стандарттары (ГОСТ Р) - 3338,
- халықаралық стандарттар (ИСО) - 7277,
- шетел елдерінің 10 000 астам стандарттары.

# ҚР СТ
# (КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ)

- ҚР Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, міндетті және (немесе) ұсыным жасалатын талаптары бар және тұтынушылардың кең ауқымына қолжетімді стандарт
- мемлекеттік орган ҚР Мемстандарты және оның аумақтық бөлімшелері (стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды бекітуге – іске қосуға уәкілетті).

- Ереже (ЕР) – міндетті түрде қолданылуға тиісті жұмысты жүргізудің ұйымдық-техникалық және жалпы техникалық жағдайларын, тәртібін, әдістерін белгілейтін құжат.
- Ұсыныстар –ерікті түрде қолданылатын жұмысты жүргізудің ұйымдық-техникалық және жалпы техникалық жағдайларын, тәртібін, әдістерін белгілейтін құжат.

- Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіші – техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеу топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтығын білдіретін құжат.
- Норма – қамтамасыз етуге тиісті сандық және сапалық критерийлерді белгілейтін жағдай (ИСО/МЭК 2).

# *СТАНДАРТТАУДЫҢ ҚЫСҚАША ДАМУ ТАРИХЫ*

- Көне дәуірдегі өлшем бірліктерінің, стандартты мөлшерлі құрылыс бөліктерінің, су құбырларының қолданылуы *стандарттаудың мысалдары* болып табылады.
- Қайта өркендеу дәуірінде елдер арасында экономикалық байланыстардың дамуына сәйкес стандарттау әдістері кең қолданыла бастады. (Мысалы Венецияда кемелер жасау кезде)

***Бұдан кейінгі уақытта да стандарттау жұмыстары жақсы дамып отырған.***

Мысалы, 1845 жылыАнглияда бектіу оймаларының жүйесі, Германияда теміржол табандарының арақашықтығы стандартталды.

*Халықаралық стандарттау* жұмыстары 1875 жылдан бастау алады. Осы жылы халықаралық метрикалық конвенцияны құрайтын 19 елдің өкілі *Халықаралық өлшемдер мен салмақтар бюросын* құрды.

# КСРО ҚҰРАМЫНА КІРГЕН ЕЛДЕРДЕ СТАНДАРТТАУДЫҢ ДАМУЫ

1925 жылы стандарттау саласында алғашқы орталық орган – Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің жанынан стандарттау бойынша Комитет құрылды.

Осы жылдан бастап КСРО-да стандарттау саласында көптеген игі істер атқарылды.

*1992 жылдан бастап ТМД елдер арасында стандарттау, метрология және сертификаттау салаларындағы байланысты орнатудың жаңа түрлері қарастырылды.*

- *1992 жылы 13 наурызда ТМД –ға енген елдер «Келісілген саясатты жүргізу туралы» келісімге қол қойды.*
- *1999 жылы ҚР-ң «Стандарттау туралы» және «Сертификаттау туралы» Заңдары қабылданды.*

# ТМД-Ң БАСҚА ДА ЕЛДЕРІНДЕГІ СИЯҚТЫ ҚР-ДА СТАНДАРТТАУ ЖҮЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЫНАЛАР:

- **Келісімге сәйкес мемлекетаралық стандарттау жұмыстарын дамыту;**
- **Қазақстанның стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру жұмыстарын жеделдету;**

- **Міндетті түрде сертификатталуға тиісті өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) мемлекеттік стандарттарын дайындауды жеделдету;**
- **ИСО 9000 сериялы халықаралық стандарттарын қолдана отырып елімізде сапа жүйелерін кеңінен енгізу, т.б.**

# *Назарларыңызға рахмет!*